

АҚШ-та тез таралған мұндай білімді бақылау формасы, көп жақтаушылар мен қарсыластарға ие болды. 1881 жылы Чикагодағы инспектор жазбаша бақылауға тыйым салған және оқушылардың келесі сыныпқа көшуін жазбаша бақылау арқылы емес, тек директор және мұғалімдердің көзқарасына байланысты қажеттілігі туралы мысал келтіріліп айтылады. Мұғалімнен басқа, ешкім оқушы білімін бағалай алмайды және емтихандар мен басқа бағалау формалары дұрыс ойдың келемежі болып табылады деген көзқарас қалыптасты. Осымен мектептегі қандай да бір бақылауға қарсы қоғамдақ қозғалыстар негізі салынды. Мұндай қозғалыстың шегі XIX ғасырдың соңында келді (1880 жылдар), оның негізінде білімді бақылаудың жағымды қарым-қатынасының қалыптасуына негіз салынды.

Білімді бақылаудың қоғамдық-мемлекеттік қажеттілігі АҚШ-та 1885 жылы туындады. Нью-Йоркте, білімді бақылаудың объективті әдістерін жасақтаған кеңестердің бірі, емтихандық кеңес қызмет атқара бастады. Білімді бағалаудың жалпы мемлекеттік жүйесі 1900 жылы АҚШ-та колледж түлектерінің білімін бағалау Кеңесінің пайда болуына себеп болды.

Ресейде XIX ғасырдың соңы мен XX ға-

сырдың басында сынақтамаларды жасақтау және оларды қолдану жөнінде сұрақтар талқыланды және қарастырылмады. Авторлардың біреуінің жазуынша, «Білімді тексеру – менің тәжірибем бойынша ең пайдасыз, жалықтыратын және зиянды әрекет деп қарастырамын. Қажет жамандық сияқты мұғалімдер мен оқушыларды бағалау құралы ретінде ай сайынғы баға жағдайында ғана оған шыдауға болады». Осы кезден бастап, Ресей педагогикасында екі қарама-қайшы үрдіс қалыптасты: біреуі оқушылардың білімін бағалауға қарсы, екіншілері жақтаушылары.

Мақаламызда келтірілген қысқаша тарихи шолудан мынадай қорытынды шығаруымызға болады, мұнда сынақты, ежелгі өркениеттер кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі, әлем халықтарының көбінің өмірінің негізгі бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік бар. Келтірілген мәліметтер негізінде, сынақтардың пайда болуының ерте тарихи кезеңі туралы ой түюге болады. Қазіргі кезде кең ауқымда таралып жүрген ағылшын тілінен аударылған «test» (тексеру, сынақ) деген ұғымның төркіні, яғни сынақ тапсырмалары 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында пайда болды деудің тарихы әріректе жатқандығын байқаймыз.

Д. М. Дюсенгазин. Теория и история составления теста

В данной статье рассматривается теория и история теста.

D. M. Dyusengazin. Theory and history of composing the test

This article considers the theory and history of test.

Ж. Ергубекова,

Ж. Ясауи атындағы ХҚТУ-дің PhD докторанты

ЭТНОМӘДЕНИ «БАТЫР» КОНЦЕПТІСІНІҢ ГИПЕРБОЛИКАЛЫҚ ТҮРДЕ СУРЕТТЕЛУІ

Эпикалық батыр, оның тұлпар, садағы мен басқа қару-жарағы эпоста, шын мәнінде, алып, аса үлкен, «теңдесі жоқ» болып суреттеледі. Мұндай гиперболизм «поэтикалық фольклорлық тәсілдің» көрінісі ретінде түсіндірілгенімен, оның негізі тұңғықта жатқан астары мифологиялық танымға тән ғаламның (космостың) әмбебаптық антропоморфтық концепциясынан бастау алады деп сенімді түрде айта аламыз.

Эпикалық этномәдени «батыр» концептісінің ең төменгі (алғашқы) лингвоментальды қабаты – мәдени-генетикалық страты бірінші адам (первопредок), ру-тайпа басы, мәдени қаһарман (культурный герой), демиург бейнесіне қатысты қалыптасқан. Осы ең көне мифологиялық бейненің кейбір реликт сипаттары түркі-монғол, соның ішінде қазақ батырлар жырларында эпикалық қаһарманның, оның

қару-жарағының, тұлпарының гиперболикалық түрде суреттеуінен аңғарылады.

Эпостық қаһарманның алғашқы (бастапқы) сипаттарының бірі – ол демиург, яғни ғаламды жасаушы (реттеуші). Эпикалық батырдың аталмыш сипаты «садақ пен жебе» концептісінің ежелгі мифотанымдық қабаты көрсетіп тұр: садақ пен жебелердің «теңдесі жоқ» космостық сипаты демиург бейнесін меңзейді, яғни сол қарудың иесі – космоста реттеуші (демиург), «теңдесі жоқ» садақ пен жебелерге ие болуы жерге (осы дүниеге) билік жасаудың белгісі т.т. Архаикалық эпостарда айқынырақ сезілетін осы және де басқа мифотанымдық түсініктер уақыт оза кейінгі дәуірлерде әлсірейді, сондықтан да садақ пен жебеге т.б. «заттық» этномәдени концептілердің тілдік (мәтіндік) көріністері «гиперболизация», «поэтикалық» т.б. лингвостилистикалық құбылыстарға телініп жүр.

В.А.Маслованың пікірінше, концептінің лингвоментальды мазмұнын айқындау үшін сөздің семантикасы жеткіліксіз, энциклопедиялық сөздіктер ұғымдардың ғана межесінен аспайтын ақпараттарды ұсынады, сондықтан да белгілі бір концептіні талдау үшін түрлі: поэтикалық, ғылыми, философиялық, публицистикалық т.б. контекстерді пайдалану қажет [1, 46 б].

Садақ пен жебенің эпостағы елеулі орнын Р.С.Липец аталмыш жарактың көшпенді жауынгердің бес қаруындағы аса маңыздылығымен түсіндіреді. Қаһармандық эпоста Р.С.Липецтің көрсетуінше, садақ пен жебе эпостарға тән «гиперболизация» деп аталатын дәстүрлі поэтикалық тәсіл арқылы суреттелуіне ұшырағанын атап кеткен, бірақ бұл құбылыстың ар жағында жатқан себептерін түсіндірмейді. Қаһармандық эпостағы садақ (жебенің) және де адамның, тұлпардың т.б. бейнелердің «гиперболизациясы», түптеп келгенде, ежелгі мифологиялық дүниетанымына тән ғылымның (космостың) антропоморфтық эмбебаптық концепциясынан туындаған. Мифтік танымда бүкіл әлем (ғалам, космос) антропоморфтық бейне ретінде суреттеледі, яғни ғалам (космос) адам (алғашқы адам, демиург) сияқты тірі жан, керек десеніз, космос адамның өзінен жаратылған. «Кейбір мифтерде алғашқы адамдар (первопредки) ғажайып алыптар түрінде бейнеленеді – олар өлгеннен кейін денелерінен аспан, жер, таулар мен жануарлар, өсімдіктер, адамдар жаралған. Олардың қатарында: индиялық

алғашқы адам – алып Пуруша, қытайдың Пань-Чуы, скандинавтықтардың Имиры. Пань-Чу өлгеннен кейін оның етінен жер (топырақ) пайда болған, сүйектерінен – тастар мен алтын, жүнінен – өсімдіктер, шашынан – жұлдыздар, көздерінен – күн мен ай, терлегендегі ылғалдан – жауын мен шық, көз жасынан – өзендер, тамырларынан – жол, лебінен – жел, даусынан – күннің күркіреуі, денесіндегі ұсақ жәндіктерден (биттерден) – адамдар жаратылған» [2, 17-18 бб].

Бірінші адам (космостық масштабындағы) жайындағы ең көне миф (мифтер) бірте-бірте кейінгі дәуірлерде ғажайып ертегілерге трансформизацияланған. Соның өзінде аталмыш батыр алыптар жайындағы ғажайып ертегілерінде көне мифтердің мифологиялық негізі сақталынған; мифтік сипаты «қаһарманның бейнесі, ол алып денелі, «суға салса -батпайтын, қылышпен шапса - өлмейтін» ғажайып адам, оның тұлпары да керемет, адамға тән даналыққа ие, кез келген жәндікке, затқа, адамға айнала алады, батырдың жәрдемшісі, ақылшысы – батырды жау қолынан құтқарады» [3, 217 б].

Алып батырлар жайындағы ғажайып ертегілер кейінірек қаһармандық эпосқа айналғанын аталмыш эпостардағы бейнелердің, сюжеттік оқиғалардың сипатынан аңғаруға болады. Қаһармандық эпоста да батыр керемет күштің иесі, оның «теңдесі жоқ» тұлпары, қару-жарағы бар, сюжет оқиғаларының кейбір желісі мифтік тұрғыда көрсетіледі.

Қазақ батырлар жырларындағы «адам» концептісі өз кезегінде «батыр», «батырдың қалыңдығы», «анасы», «әкесі», «дұшпандары (жаулары)» т.б. концептілерге бөлінеді. «Батыр жаулары» концептісіне қатысты төмендегідей мәліметтер назар аударарлық: «батыр жаулары көп-ақ; этикалық канондарға сәйкес олар орасан күш иесі және оқ тисе - өлмейді, қылыш шапса-өтпейді», кейбіреулері гротеск түрінде суреттеледі, ол Алшағырдың жақтас-тары, алып қызылдердің ұлдары Ағынас пен Тоғынас. Олар Қараспан тауындай алып – дәулер. Қарадәудің басы қазандай. Қобыланды Қазан ханмен жекпе-жекке шығар алдында оны «биіктегі тау асуы» деп Қазанның тектілігін және алып батыр екенін өз сөзінде айтады.

«Қобыланды батыр жауларының Қазан, Алшағыр, Көбікті ортақ сипаттамасы гипербола арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар әр

жау батырының өзіндік сипаты, бейнесі бар» [4, 43-44б.]

Жау батырларының бейнесіндегі гиперболизм фольклортанушы-ғалымдардың пікірінше, фольклорлық поэтикалық тәсілдердің бірі. Ал когнитивтік лингвистика тұрғысынан алып денелі жау батырларының бейнелерінің генезисі мен онтологиясы ежелгі мифологиялық танымдардан бастау алған деген тұжырым жасалынады, өйткені фольклордың өзі мифологиядан туындаған. Фольклорлық гиперболизмнің, яғни осы фольклорлық поэтикалық дәстүрдің (тәсілдің) онтологиялық негіздері алғашқы адам, демиург «мәдени қаһарман» пайда болып мифологиялық (космостық) бейнелері туралы ежелгі таным мен түсініктермен байланысты.

Гиперболизм, яғни асыра баяндау, суреттеу эпос кейіпкерлерінің сырт пішінін көрсетуі үшін де, сайыстар мен соғыстарды суреттеу үшін де қолданылады.

Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында Ұлтан қазақ халқының оң ортасынан шыққан жау болып көрсетілген және жыр оның сырт бейнесін жалғыз көзді дәулерге ұқсатқан.

Кеудесі болды көбедей,
Мұрны болды төбедей.
Күрек тісі кетпендей,
Кенірдегінің тесігі
Жүгімен түйе өткендей.
Құлағы болды қалқандай,
Көзі терең зындандай.
Басқан ізін қарасаң,
Көрінер оттың орнындай.
Ауызы үлкен ошақтай,
Иегі бар зеңгірдей.

Қобыландының жауы Қызылбас елінің ханы Қазанның да бет-әлпеті космостық масштабты суреттелген:

Қабағына қар қатқан,
Кірпігіне мұз қатқан
Он екі күнде бір жатқан,
Он үш күнде бір тартқан
О да айтулы ер еді.
Қызылбастың елі еді,
Құдайдан дұспан сұраған,
Жау көрмесе, қуарған.
Найзаның ұстар жеріне
Қолымы жұмсақ болсын деп,
Топтап барқыт ораған,
Шын қаһарына келгенде
Жауған қардай бораған.

Түркі эпосындағы батырлардың соғыс, жекпе-жектері де гиперболикалық түрде суреттелген. А.А.П.Окладниковтың байқауынша: «Алып батырлардың күрестері әлем катастрофасы іспетті; үш әлемнің де «үрім-бұтақтарын» таңқалдырады; қарсыластардың соғысуы, «найзағайдың жарқылдары мен күннің күркіреуі сияқты, ол алтай былиналарында батырлар соғысқанда бүкіл Алтай дірілдеп шайқалады, мұхиттар арнасынан шығып кетеді, күн күркіреуі көк теңіздерге жетеді, тас қараңғы түн түседі... Жер астындағы Эрликтің құлағы бітіп қалады, үш Курбустанның үрейі ұшады» [5, 292-293 бб].

Академик В.Я. Пропптың пікірінше: «эпос қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде гиперболизм көркем тәсілдердің бірі болған» [6, 54 б.]. Гиперболизмді эпос мәтіндеріндегі аса маңызды және белсенді көркемдеуші тәсіл ретінде көптеген әдебиеттанушы-фольклортанушы ғалымдар қарастырған. Орыс былиналарындағы гиперболизм жөнінде Ф.М.Селиванов [7] жазған, нарт эпосын зерттеген А.З.Холаев [8, 114 б.], С.И.Бегалиев – «Манас» эпосы [9, 68 б.], А.В.Каррыева «Эпос Героглы» [10, 85-119 бб].

Қазақ қаһармандық эпосындағы гиперболизм мәселелерін қарастырған М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Мағұлан, М.Ғабдуллин, Қ.Жүмалиев, Р.Бердібаев, Ә.Қоңыратбаев, Н.Смирнова, З.Ахметов, Т.Сыдықов, О.Нұрмағамбетова, С.Қасқабасов, Ш.Ибраев, З.Сейітжанұлы т.б. ғалымдар болды.

Осы және де басқа ғалымдардың зерттеулерінде эпостағы гипербола фольклорлық (эпостық) мәтіндерінің поэтикалық жүйе арнасында қарастырылған, яғни гипербола (гиперболизм) эпостың лингвопоэтикалық жүйесіндегі аса маңызды көркемдеуіш (лингвостилистикалық) тәсілдердің бірі ретінде түсіндіріледі.

Біздің зерттеуімізде гипербола – эпикалық «адам», «батыр» концептілерінің тілдік және лингвостилистикалық көріністерінің лингвоментальды қабаттарының бірі, яғни танымдық (тереңде жатқан) мифопоэтикалық қырлары бар құрылым немесе лингвокогнитивтік бірлік ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, эпикалық қаһарманның, оның соғысы мен сайыстарының, қару-жарағының, тұлпарының т.б. «теңдесі жоқ», гиперболикалық, космостық (әлемдік) масштабта көрсетілуінің өзіндік қандай сыры бар – осы «көркемдеуіш

тәсілдің» пайда болуында қандай заңдылық жатыр деген сауалдар туындайды.

Ежелгі адам өзін және қоршаған әлемді тану барысында, ең алдымен, өзін және әлеммен (ғаламмен) сәйкестендірген, салыстырған, теңдестірген – одан басқа жолы болмаған. Соның нәтижесінде әлем (ғалам) адам кейпінде танылған, яғни космос (әлем) антропоморфтанған (антропоморфизация), тірі, жанды, адами сипатталған, суреттелген, ал адамның өзі әлемнің (космостың) сипаттарына ие болып суреттелген, яғни әлеммен теңдестірілген – мұндай тұтастық (синкретизм) ежелгі мифологиялық дүниетанымға тән нәрсе. Осыдан ежелгі мифтік, кейінірек эпикалық қаһарман «ең теңдесі жоқ», гиперболалық, космостық сипаттарына ие болған, ал қоршаған орта, яғни әлем космос адами антропоморфтық түрінде суреттелген, сипатталған.

Осы тұжырымды дәйектейтін айғақтайтын қазақ жырларларынан көптеген деректерді көрсетуге болады: Солардың бір-екеуін ғана келтірейік: Алты жасар Қобыланды баланың:

Таулар күйіп, тас жанған
Алты жасты баланың
Елбеңдеген зарпына
Қобыланды жауының бірі Барса ханның:
...Будақтап түтін шығады,
Мұрнының тыныс лебі екен.
Сырғауылдан кем емес,

Ергубекова Жанат. Гиперболическое описание этно-культурного концепта «батыр»

В статье говорится о фольклорном ономастическом пространстве; определяются параметры собственных имен в художественном (фольклорном) тексте; анализируются категории, разновидности, особенности тех собственных имен.

Ergubekova Janat. The hyperbolic description of ethno-cultural concept of "batyr"

In the article it's said about folklore onomastic area; the forms of Proper Names in the literary text are determined and the categories, varieties, and peculiarities of Proper Names are analyzed.

Б. Жүсіпова,

ф.ғ.к., аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. ҚР Түркістан қаласы, sokrat1988@list.ru

ТҮРКІСТАН ТҮРҒЫНДАРЫ ТІЛІНДЕГІ ТАҒАМ АТАУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЗДЕР

Лексикалық ерекшеліктер деп отырғанымыз қазақ әдеби тілінде кездесе бермейтін, кездесе де тұлғалық және мағыналық жағынан басқаша қолданылатын сөздер. Сөйленістердегі лексикалық ерекшеліктердің кейбіреулері тіліміздің байырғы белгілерінің ізі ретін-

Барсаның тарқан шылымы...

Айғайлаған даусымен

Қара тасты жарады.

Екпінімен тыныстың

Тастар ұшып барады.

Шын мәнінде, эпикалық гиперболикалық теңеулердің астарынан ежелгі замандардан келе жатқан бірден аңғарыла бермейтін этноментальдық ақпараттар мен мәліметтер жатыр.

1. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Мн.: Тетросистема, 2004. -256с.

2. Косарев А. Философия мифа: Мифология и её эвристическая значимость. Учебное пособие для вузов. – М., 2000. – 272 с.

3. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Изд. «Наука» ленинградское отделение, 1974. -723 с.

4. Кидайш-Покровская Н.В., Нурмагамбетова О.А. Героическая поэма «Кобланды батыр» //Кобланды батыр. Казахский героический эпос. –М.: Главная редакция восточной литературы. 1975, -с. 9-61.

5. Окладников А.П. История Якутии. –Якутск: Якутгосиздат, 1949. Т.1. Прошлое Якутии до присоединения к русскому государству.

6. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта, 2004. -147с.

7. Селиванов Ф.М. Гипербола в былинах //Фольклор как искусство слова. Вып. 3. – М., 1975

8. Холаев А.З. Карачаево-балкарский нартский эпос. – Нальчик, 1974

9. Бегалиев С.Ч. О поэтике эпоса «Манас». –Фрунзе, 1968

10. Каррыева А.В. Поэтическая система эпоса «Героглы». –Ашхабад, 1990

де танылса, кейбір лексикалық құбылыстар көрші халықтар тілінің әсеріне байланысты болады. Қазақ диалектологиясында қалыптасқан дәстүр бойынша, тұрмыстың әр саласына тән сөздерді бірнеше топқа бөліп қарастырылған. Сол сияқты, Түркістан тұрғындары